

1905-1907 ж орыс революциясына Қазақстан халқының қатысуы

Революцияға дейінгі орыс оқу орындарындағы қазақтар Ұлттық орта оқу орындарының болмауы қазақтарды өз балаларын орыс оқу орындарына беруге мәжбүр етті, ал олардағы оқу үрдісінде орыс мәдениетіне басымдық берілетін және орыс тілі үстемдік ететін. Сонымен бірге революцияға дейінгі Қазақстанның көптеген прогресшіл қайраткерлерінің орыс оқу орындарында білім алғанын ұмытуға болмайды. Бұратаналардың балалары кіре алатын алғашқы орта оқу орны Орынбордағы Неплюев әскери училищесі болды, ол кейіннен Орынбор кадет корпусы деп аталды. 1825 жылдан 1866 жылға дейін Орынбор кадет корпусын 35 қазақ бітірді.¹⁴¹ Кадет корпусының алғашқы түлектерінің бірі - Орыс географиялық қоғамының мүшесі сұлтан М. Тәукин, Орынбор өлкесінің бұратаналарға арналған мұғалімдер мектептерін құру туралы ережелер әзірлеу комиссиясының мүшесі С. Жантөрин болды.¹⁴² «Этнография бөліміне еңбегімен жәрдемдескені және қырғыздардың (қазақтардың) тұрмысы туралы мақалалар мен әр түрлі этнографиялық бұйымдар бергені» үшін Орыс географиялық қоғамының күміс медалімен марапатталған, қоғамның Ш. Уәлихановтан кейінгі алғашқы мүшелерінің бірі М.С. Бабажанов та кадет корпусының түлегі болатын.



Халел Досмухаметов



Жүсіпбек Аймауытов

1905 – 1907 және 1917 жылдардағы революциялық оқиғалар мен өзгерістердің қазақ өміріне ықпалы

1905—1907 жылдардағы революцияның Қазақстанның саяси дамуына әсері. Қазақ елі өзінің отарлық езгідегі халін түсіне бастауы және ұлттық зиялы қауымның нақты әрекетке көшуі 1905 жылғы бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциямен тікелей байланысты.

Ғасырлар бойы қасық қаны қалғанша қорғаған жерінен айырылып, кіріптарлық күйге түскен қазақтың ауыр халі және патшалық Ресейдің қатал отарлық саясаты көзі ашық оқыған қазақтың азаматтарына ой салды. Дәл осы тұста қазақ зиялылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мухаметжан Тынышпаев, Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтер, Жақып Ақбаевтар саяси күрес сахнасына көтерілді.

Ресейдегі алғашқы революциялық қозғалыс пен отарлық тәуелділіктегі халықтардың, соның ішінде қазақ елінің де өз азаттығы үшін күрес жолына түсуі арасында тікелей байланыстың бар екендігі рас. Сонымен бірге метрополия мен отарлық тәуелділіктегі елдердің азаттық үшін қозғалыстарындағы айырмашылықтың табиғи сипатын да жоққа шығаруға болмайды. Ол айырмашылықтар бұл қоғамдық қозғалыстардың көздеген мақсатынан және оларға атсалысқан әлеуметтік күштердің құрамынан туындайды. Егер орыс азаттық қозғалысының негізгі мақсаты Ресейдегі басыбайлылық тәртіп қалдықтарын біржола жойып еркін экономикалық және демократиялық өзгеру жолына алып шығу болса, ұлт зиялылары бастаған ұлт-азаттық қозғалысының басты мұраты ұлттық мемлекеттік дербестікті жаңғырту арқылы басқа елдермен тең құқықты өркендеуге жол ашу болды. Яғни ұлт-азаттық қозғалысы үшін бірінші кезекте ұлттық еркіндік және теңдік мәселесі тұрды

Қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтаған ұлт зиялылары азаттық қозғалыс

Қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтаған ұлт зиялылары азаттық қозғалыстың бастаушы күшіне айналды. Қазақ жерін отарлап, халқын орыстандыру секілді патшалық Ресейдің өктемдік саясатын әшкерелеп, оған қарсы үгіт-насихат жүргізген Ә.Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Ж.Ақбаев және басқалардың қатысуымен даярланған арыз-тілектерде алым-салықтың көбеюіне, билік өкілдерінің өзбарлығына, сондай-ақ жаппай қоныстандыру саясатына батыл қарсылық көрсетілді. Патшалық самодержавиеге қарсы үгіт-насихат жүргізген түрлі астыртын ұйымдар мен топтардың ісіне араласа жүріп, өздерінің ой-пікірлерін, жеке көзқарастарын баспасөз беттерінде жариялап отырды. Мысалы, М.Тынышпаев: «Сахарадағы толқудың басты себебі саяси, рухани, діни, экономикалық езгі», — деп ашық айтты. 1905 жылғы жазда Сырдария облысының Шымкент, Әулиеата уездерінде толқулар бұрқ ете түсті. Мамыр-қазан айлары аралығында ірі қалаларда социал-демократиялық топтар ұйымдастырған шерулерге қатысушылар «Самодержавие жойылсын!» деген ұрандар көтеріп шықты.

Орынбор гимназиясы

Қазақтар оқыған оқу орындарының бірі Орынбор гимназиясы болды, 1868-1892 жылдарда гимназияда 52 қазақ оқыды. Олардың ішінде С. Сүйіншалиев гимназияны 1877 жылы үздік бітірді; А. Бірімжанов 1891 жылы оқудағы жетістіктері үшін күміс медальмен марапатталды. Орынбор гимназиясының көптеген түлектері өз білімдерін Қазан университетінде жалғастырды. Мәселен, Қазан университетінде оқыған 25 қазақтың 10-ы - Орынбор гимназиясын бітіріп келгендер. ХІХ ғасырдың 70-жылдарына дейін Қазан университетінде оқыған қазақтар бірлі-жарым болатын. 1863 жылы университет Жарғысының қабылдануына байланысты гимназияларда курс бітірген мұсылмандар Қазан университетіне түсу құқығын алды.

Қазақ зиялыларының қалыптасуы

Осы кезеңде жоғары медициналық білімі бар алғашқы қазақ дәрігерлері шықты. Олар негізінен Қазан, Саратов, Томск, Мәскеу университеттерінде, сондай-ақ С.-Петербургтің әскери-медицина академиясы мен университетінде білім алды. Мәселен, 1868—1913 жылдарда Қазан университетінің медицина факультетін қазақтың 30 жас дәрігері бітіріп шыққан. Қазан университетінің медицина факультетін 1887 жылы бітірген алғашқы қазақтардың бірі Мұхамеджан Қарабаев болатын. Оны бітіргеннен кейін ол Қостанайда, Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз уездерінде дәрігер болып істеді. 1892 жылы М. Қарабаев медициналық қызмет көрсету саласындағы патшалық саясатты сынағаны үшін Орынбор әкімшілігінің қырына ілігіп, аз уақытқа Самараға кетуге мәжбүр болды. Содан соң Ырғыз уезінде дәрігер болып жұмыс істей жүріп, өлкенің қоғамдық өміріне белсене қатысты. 1895 жылы ол Торғай комитетінің толық мүшесі болып сайланды, орыс дәрігерлерімен бірге медициналық қызмет көрсетуді түбірінен өзгерту және қазақ халқы арасынан медицина кадрларын даярлау жолында күресті. Революцияға дейінгі Қазақстандағы оба ауруының тұңғыш маманы М. Шомбалов-1899 жылы, Ә. Алдияров - 1904 жылы Қазан университетінің медицина факультетін, Н. Ипмағамбетов С.-Петербург медицина академиясын 1911 жылы бітірді. Олар қазақ халқына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыруда көп іс тындырды, сондай-ақ Қазақстанның қоғамдық өміріне белсене қатысты. Қазан университеті ұлттық зиялылардың алғашқы кадрларын қалыптастыруда зор рөл атқарды. Қазан мал дәрігерлік институтын қазақтар арасында алғашқы бітірушілер М. Ақтанов, Е. Құлпейісов, М. Жасмағамбетов, Ф. Иманбаевтар болды. Ә. Бөкейханов С.-Петербург Императорлық орман институтын 1894 жылы үздік бітіріп шықты. Ж. Ақбаев, Б. Қаратаев, С. Лапин, [[М. Шоқаевтар С.-Петербург университетінің заң факультетін бітірді. С. Жантөрин, Б. және Ә. Ниязовтар, С. Нұралыханов және басқалар С.-Петербург, Қазан, Томск, Мәскеу университеттерінің заң факультетінде оқып жоғары білім алды. 1906 жылы Император 1 Александр атындағы С.-Петербург Жол қатынасы институтын М. Тынышбаев бітіріп шықты.